



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

моно- сияқты грек, латын негізді терминдік элементтермен жасалған терминдер соның көрінісі. Терминтануда терминүлгі деген термин бар. Ол сала терминдерінің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгі бойынша біртектес жасалуына негіз болып отырған үлгіні (модельді) білдіреді [5,127].

Фармация саласында халықаралық терминдер үлгісімен, терминбөлшектермен (*микро-, макро-, ультра-, мега-, анти-*) жасалған терминдер көп кездеседі. Мәселен:

Анти – анти/вирус, анти/ген, анти/гипоксантилар, анти/гормондық дәрі-дәрмектер, анти/депрессанттар, анти/диуретик, анти/жұқпалы, анти/коагулянттар, анти/оксиданттық дәрі-дәрмектер, анти/септикалық дәрі-дәрмектер, анти/денелер және т.б.

Био– био/гельминт, био/гендік, био/геоценоз, био/катализатор, био/логиялық, био/механика, био/ника, био/прогнатия, био/псия, био/түзіліс, био/сфера, био/химия, био/фармация, био/сүзгі т.б.

Диа – диа/гност, диа/гност, диа/бет, диа/кинез, диа/лиз, диа/лизат, диа/лизатор, диа/лизация, диа/лиздеуші, диа/грамма, диа/педез, диа/ртроз, диа/скопия, диа/стаза, диа/стема, диа/стер, диа/стола, диа/схиз, диа/тез, диа/фаноскоп, диа/физдің қабынуы, диа/фрагманы кесу т.б.

Мега – мега/долихоколон, мега/долихосигма, мега/колон, мега/лобласт, мега/логастрия, мега/логлоссия, мега/лодактилия, мега/лопсия, мега/лофагтар, мега/лоцефалия, мега/лоциттер т.б.

Микро– микро/скоп, микро/құрылым, микро/спора, микро/тонометр, микро/фаг, микро/физиология, микро/флора, микро/фталм, микро/цефал, микро/цефалия, микро/айналым т.б.

Суб– суб/ботин, суб/ероз, суб/лимация, суб/максиллит, суб/ординация, суб/станция, суб/страт, суб/тропиктер, суб/фебрильді солғын температура т.б.

Ультра– ультра/дыбыс, ультра/микроанализ, ультра/микроскоп, ультра/микротом, ультра/микростат, ультра/сүзілгі, ультра/сүзіліс, ультра/сүзгіш, ультра/күлгін сәулелер, ультра/центрофуга т.б.

Бүгінгі таңда медицина саласындағы терминдердің басым көпшілігі шеттен енген сөздер, дегенмен халықаралық терминдер тілімізде өз алдына нормасын қалыптастырған. Біздің тілші маман ретіндегі келешектегі мақсатымыз ұлттық тілімізде бар, тілге ену тарихы әріде жатқан, өз терминдерімізді тауып, тиісті салаға ендіру деп есептеймін.

Қолданылған әдебиет

1. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: «Жалын», 1996 – 464 бет.
1. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды. -Астана: Астана – Полиграфия, 2008. -400 б.
2. [http://kk.wikipedia.org/wiki/ Фармация](http://kk.wikipedia.org/wiki/Фармация)
3. Қияшев Д. Фармацевтикалық терминдердегі түйткілдер // «Ана тілі» газеті. 2013 жыл 19-қыркүйек.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 бет.
5. Орысша-қазақша медициналық фармакологиялық сөздік. Редакциясын басқарған Г. Д. Бердімұратова, Р. С. Күзденбаева. Алматы, 2006 – 608 бет.
6. Бурбелло А. Т., Шабров А. В., Денисенко П. П. Современные лекарственные средства: Клинико-фармакологический справочник практического врача – СПб.: Издательский Дом «Нева», 2006 – 896 с.

ӘӨЖ 821.512.122-3.09& 398.91

**М.МАҒАУИННИҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ
ҰЛТТЫҚ -МӘДЕНИ ФОНЫ**

Сатбай Жайнар Избасарқызы

zhaina_9514@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Сарекенова

Мақал-мәтел – қазақ халық ауыз әдебиетінің бір саласы, қазақ халқының тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын халық шығармасы. Олар жастарды жақсылыққа тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, ұйымшылдыққа шақырады, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті насихаттай отырып, туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілікке дәріптейді.

Мақал-мәтел – мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат құбылысынан жасалған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы.

Қазақ халық мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі қазақ шаруасының негізгі күнелткіші болған малшылық пен егіншілікті, көмекші кәсіптері - аңшылық пен балықшылықты бейнелейді. Онда шаруаның және диханның мінез-құлқы, тұрмыс-салты, ұғым-сенімі тапқыр ой, көркем тілмен жан-жақты сипатталған; шаруашылық жүргізудегі, қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелері мен көрген білгендері қорытылған [1; 295 б].

Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихын негізінен 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады (Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ф.Катанов, В.В.Катаринский, М.М.Копыленко, П.М.Мелиоранский, Н.Н.Пантусов, А.Е.Алекторов, М.Ысқақов, А.Байтұрсынов, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова, М.Аққозин т.б.).

2) Мақал-мәтелдерді зерттеудің ғылыми айналымына түскен кезеңі М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Н.Төреқұлов, Т.Кәкішов, З.Қабдолов, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышов, Б.Ақмұқанова т.б. әдебиетшілер зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінің әдеби табиғаты, Р.Сәрсенбаев, Ө.Қайдар, Б.Шалбаев, Ө.Айтбаев, З.Ерназарова, Қ.Бейсенов, Ғ.Тұрабаева, А.Нұрмаханов, С.Сәтенова т.б. тілмаш-мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктер сөз болды.

3) Қазақ тіл білімінде паремологияның дербес ғылым саласына айналып, мақал-мәтелдердің антропоцентристік бағытта қарастырыла бастаған кезеңі [2; 6 б].

Мақал-мәтелдерді тіл фактісі тұрғысынан зерттеуші паремиолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, олар ең алдымен өзінің мән-мағынасы, мазмұны мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты назар аудартады. Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік, т.б. толып жатқан мәселелер паремологияның объектісіне жатады [3; 221б].

Мақал-мәтелдердің шығу, даму тарихын қоғам өмірінен, әлеуметтік ой-сананың өсуінен бөліп қарауға болмайды. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін», «Ісіңнің ағына қарама, маңдайыңның бағына қара», дейтін мақалдар өткен қоғамның санасын елестетсе, «Талантты ерге нұр жауар», «Еңбек етсең емерсің» деген сөздер - бүгінгі заманның жемісі. «Оқу - өмір шырағы, кітап - білім бұлағы», «Отан үшін отқа түс - күймейсің» дейтін мақалдар біздің қоғамның ой-санасын бейнелейді [1; 299б].

Қазақ мақал-мәтелдерінде үй-ішінің әрбір мүшесінен бастап, ағайын-туыс, құда-жекжат, күйеу-жиенге дейін достық, сыйластық қарым-қатынастардың барлығы да қамтылған.

Сондықтан, оны белгілі дәрежеде тұрғын халықтың қарым-қатынасын бейнелейтін ережесі, әдеби шежіресі деуге болады.

Мақал-мәтел – халық психикасы дамуының да көрсеткіші. Онда халықтың, ең алдымен еңбек адамының табиғатқа, қоғамға көзқарасы, дүние танымы көрініс тапқан, қазір ескірген ұғым-нанымдардың да елесі бар [1; 318 б].

Менталитет – рухани болмыс тарихының сағымдалған және тұрақты негізде қордалаған, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетанымында орын алатын ерекше көрініс. Оны қалыптастыруда мәдениеттің, діннің, философияның, ұлттық салт-дәстүрдің, қоршаған ортаның, тұрмыстың, қоғамдағы әлеуметтік ортаның, саясат пен идеологияның, экономикалық қатынастардың маңызы зор.

Қазақ философиясы - халқымыздың дүниетанымын, рухани болмысын, менталитетін түсінудегі методологиялық тұғыр. Өз кезегінде қазақ философиясының табиғатын ашу ұлт менталитетін зерттеумен тікелей байланысты. Қазақ менталитетін тану арқылы ұлттық философияның даму деңгейін, оның өміршеңдігі мен практикалық маңызын айқындай аламыз. Менталитетті, адамдардың нақтылы іс-әрекетінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен т.б бөліп қарауға болмайды. Ол тек солар арқылы бейнелетін құбылыс. Олардан менталитетті жеке-дара бөліп қарастыру мүмкін емес. Демек, халықтың ұлттық ерекшеліктері, ұлттық менталитеті, ұлттық мәдениеті, ұлттық сипаты сол халықтың тілінде көрініс беріп жатады. Сол сияқты мақал-мәтелдердің де мазмұны белгілі бір халықтың, ұлттың, қауымның шаруашылық кәсібін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, сенім-нанымын көрсетеді.

Жазушылар, суретшілер бір халықтың, ұлттың немесе уәкілінің бейнесін сол қасиеттер арқылы сомдайды [4;5]. Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында қазақ халқының ұлттық танымы мен дәстүріне сай келетін тілдік деректер – мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, паремиялар көптеп кездеседі. Оларды 2 түрлі жолмен қолданған: Біріншісінде – халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады да, екіншісінде – ел аузындағы түрін өзгертіп, сөз сөйлемдерін басқаша етіп құрады. Мысалы, жазушының «Арыстан туса да, айға шаппай мертiгiптi» тәрiздi мақалы «Арыстан асқынса айға шабар, ақымақ асқынса анасын сабар», «арыстан айғашауып мерт болыпты» деген халық мақалының үлгісінен алынғаны сөзсіз [5;48].

«Аласапыран» романынан негізінен, қазақ халқының ұлттық болмыс, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Енді солардың бірсыпырасына тоқталып өтейік.

Бас кеспек бар - тіл кеспек жоқ. Тіл – халықтың менталитетіне жатады. Тілі арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Тілсіз бірде-бір халық та, жеке адам да жоқ. Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары болмақ. Тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану болып табылады.

Ханда қырық кісінің ақылы бар. Әр қоғамның өзіне лайық қатынас нормасы, салт-санасы, құрылысы басшысы болады. Қазақ қауымының алғашқы мемлекеттік құрылысы – хандық, басшылары хандар, билер болған. Бұл мақал хан және оның ақылшы-кеңесшісі уәзірлеріне байланысты айтылған. Хан өз төңірегінде жүрген пейілі түзу ақылмандардың ой қорытындыларын белгілі жағдайда дұрыс пайдаланатын құрыштай берік пікір иесі. Мақал астарында түзу шешімді билік иесін құрметтеу ғана байқалып қомады, сонымен қатар, өзгеден иығы жоғары тұрған жанның өзінің де барлық пікірі өзінікі емес, халықтікі, төңірегінде жүргендердікі екенін тұспалдап жеткізу бар.

У жесең руыңмен. Ру – бір әулеттен тараған туыстық, қандастық топ, үлкен тайпаның бір тармағы. [6;693] Кез келген тілдің сөздік қорының мазмұнды да, мәнді бөлігін құрайтын паремиялар «адам және оның ортасы» туралы жасалған ұлттық пайымды қоғам өмірінің сан-саласымен сабақтастыра өреді. Мысал: «У жесең руыңмен», мақалдың не қиындық көрсең де, не бір аласапыран алапатты кезге тап болсаң да еліңмен бірге бол деген ойдан өрбігені сөзсіз.

Бөрі бөрілігін танытпай қоймас. Бөрі – қасқырдың екінші, қосымша аты. [6;143] Ертедегі қазақ қауымында тотемдік мифтердің ықпалы күшті болды. Алғашқы адамдар әрбір рудың белгілі бір хайуанатпен, немесе өсімдікпен туыстық қатынасы болады деп есептеді. Олар қорғаушы символдарға жатқан. Қазақтарда тотемге жататын қасқырға байланысты табынушылық ерте-ақ қалыптасқан. Аңызда үйсін елінің жаулары ол елдің көсемі Пәнді биді өлтіріп, оның жаңа туған жас баласын елсіз-күйсіз жапан далаға тастап кетеді. Шөл далада қалып өлім халінде жатқан жас баланы түз тазысы - бөрі емізіп, асырайды-мыс. Сондықтан көк бөрінікіелі санап қазақта және басқа түркі халықтарында әлі күнге дейін рухани пір ретінде сақталуда.

Ұлдың туысы артық, қыздың ырысы артық. Қазақ ұл туса қуанған. Өйткені ол қолда қалады, шаңырақ иесі болады. Ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы. Ал қыз баласын қонақ деп сыйлаған, әрқашан аялы алақанында мәпелеген. «Өрісінді кеңейтеді» деп әлпештеген.

Асауды ауыздықтайтуғын – бұғалық,

Алысты жақындастыратуғын – құдалық.

Қазақ қызды жат жұрттық деп есептеген. Қызды алысқа, бөтен жерге ұзатқан. Қазақ халқы бір-бірімен құда болу, келін түсіру мәселесіне аса терең мән берген. Құдаларын құдайындай сыйлаған.

Құда түсу - қазақтардың ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бой жеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп жасайды саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады (“кәдеге” қараңыз). Құдалықты басқарып барған адам “бас құда” деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне “бауыздау құда” деп аталады. Құда түсу - қазақтың мәртебелі әрі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжыңдар айтылады [7].

Хан билігінен ар билігі зор. Ар-намыс адамгершілік қасиеттің ең бағалы көрінісі. Намыс бар жерде ар бар, ұят, ерлік бар. Қазақ халқының тегі нашар емес. Ол мықты халық. Қашанда ар-намысты бәрінен биік қойған. Тіпті, билердің өзі ханның алдында тұрып, шындықты бетке айтуға тайсалмаған. Қазақ халқы қашанда батыл халық болған.

Бас еркі - тізгінде, ат еркі – иесінде. Қазақ жаяу жүргенді кемістік деп санаған. Сондықтан барар жері ауыл-арасы бір сағаттық жол болса да, өріске кеткен атын кісі жіберіп алдырып, түске дейін сайлап, ерттеп мініп баратын болған. Ал егер барар жеріне ертемен кетпек болса, атын жайылысқа жібермей тұсап, не арқандап, үй маңында ұстаған.

Қазақ жылқы малын аса жоғары бағалап, қадірлеген. Ең алдымен көлік ретінде, сонан соң сусындық сүтімен, дәмді етімен қымбатты.

Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талап мәселесін реттейтін заңы, кодексі, бір сөзбен айтқанда, қазақ өмірінің, санасының айнасы, шежіресі.

Қорыта келгенде, сан ғасырлар бойы халықтың қанына сіңген әдет-ғұрпы, мәдениеті, сана-сезімі, менталитеті, ұлттық ерекшеліктері бір сөзбен айтқанда ұлттық сипаты оның тілінде көрініс табатынана көзімізді жеткіздік.

Рух – халықтың материалдық, күнделікті өмір тәш-пұшынынан тыс, әрі жоғары тұрған жан-дүниесі, оның бет - бейнесінен көрінетін биік еңсесі, мәртебесі мен жігері. Оның негізі – өткен тарихы, салт-санасы, жыр-дастандары, ата-бабаларының өнегелі ерлік істері мен айтқан даналық нақыл сөздері, қиындықтарда желеп-жебеп жүретін аруақтары, сарқылмас күші, мұқалмас қаруы. Оны қозғайтын, қайрап-суаратын халықтың ізгі армандарына дөп келетін жалынды ұрандық сөздер мен биік мақсат-мұраттар. Қазақ халқының мерейі биік, үстем, пейілі кең, дастарханы мол, маңдайы жарқын, мақсат-бағдары жоғары әрі айқын, ата-бабаларының өсиетіне берік. Осыдан келіп оның рухани бейнесі шығады [4;167].

Мұхтар Мағауин сынды шебер жазушылардың тарихи шығармаларындағы ұлттық

менталитет, ұлттық ерекшеліктер әлі де зерттеуді қажет етеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Адамбаев. «Асыл қазына», Алматы «Ана тілі» 2009 ж.
2. С.Қасымова. «Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі» автореферат, Астана 2010 ж.
3. Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», Алматы «Ана тілі» 1998 ж.
4. Д.Кішібеков «Қазақ менталитеті: Кеше. Бүгін. Ертең.», Алматы «Ғылым» 1999 ж.
5. Сәмекбаева Э.М «М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер». – Алматы, 2000 ж
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы «Дайк-Пресс», 2008 ж.
7. http://kk.wikipedia.org/wiki/Құда_түсу

ӨӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

Қ.ЫСҚАҚ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сейтпанова Айдана

aidana93_03@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қазақ тілін зерттеу соның ішінде кейіпкер тілінің көркемдік болмысы, ұғымдық негізі, оны талдаудың ұстанымдары мен әдістері жүйелі түрде зерттелуде. Бүгінгі таңда көркем шығармаға толық тілдік талдау жүргізу өзіндік шешімін табуы қажет.

Кейіпкер сомдаудың алғашқы үлгілері қазақтың халық ауыз әдебиетінен бастап, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды көрнекті жазушылардың шығармаларында барынша мол көрініс береді. Сонымен қатар, О.Бөкей, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Р.Сейсенбаев, Д.Исабеков шығармаларындағы жазушылардың кейіпкер сомдаудағы қаламгерлік шеберліктері бүгінде ғылыми тұрғыдан талдануда [1,346]. Осындай жазушылық дарынымен ерекше көзге түсетін қаламгерлердің бірегейі – Қалихан Ысқақ. Қаламгер өмірлік қажетті бай білімдерді бере отырып, кейіпкерді сөйлетіп, оларды әртүрлі оқиғаларға қатыстырып, оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптастырады. Қ.Ысқақов шығармаларындағы кейіпкер тілі, оның құрылымы мен сипатын және оның шығарма құрылымына, стилистикасына әсерін анықтау, шығармадағы кейіпкер бейнесінің жасалу жолдары берілу ерекшелігін көрсету – көркем шығармаға тілдік талдау жасаудың өзекті мәселесі.

Көркем сөз – әдеби шығарманың образды мазмұнын бейнелейтін тілдік түр, шығармадағы деректердің, ойлар мен сезімдердің сыртқы көрінісі. Көркем шығарма тіліне көркем образ жасау құралы ретіндегі мәніне, кейіпкер тілінің түрлі сипаттарына, тілдің лексикалық ерекше қорларына, тілдегі поэтикалық айшықтауларға, қаламгердің поэтикалық синтаксисі сияқты мәселелер тұрғанын ескерген орынды [1,396].

Сонымен өмірге адамның жан дүниесіндегі өзгерістер, белгілі бір сәттегі көңіл ауаны, білім деңгейі, көзқарасы, қысқасы бүкіл болмысы оның сөзі, әрекеті арқылы танылады.

Демек, сөз – адам жанының айнасы. Көркем шығармадағы кейіпкер тілі осындай маңыз иеленеді. Әрине, әр адам даралығын оның әр сөзі немесе сөйлемі анықтай алмайтыны да айқын. Дегенмен, әркімнің өзіндік тілі, жиі қолданатын «сүйікті» сөздері болатыны да шындық [2,162-136бб]. Кейіпкер тілінің лингвистикалық ерекшеліктері олардың көркем шығармадағы мәтін түзушілік және стильдік мәнін ашып талдау кейіпкер портретінің орны мен қызметін көрсетіп белгілеуге қол жеткізеді. Экспрессивті-бағалауыштық кейіпкер